

Қысқа мерзімді экономикалық индикатор

Шығарылған күні: 13.10.2023

Келесі шығарылым күні: 15.11.2023


1. Негізгі ойлар
2. Өңірлер бөлінісіндегі және салалар бойынша ҚМИ
3. Әдістемелік түсініктемелер
4. Қатысты басылымдарға сілтемелер
5. Пайдалы сілтемелер

1. Негізгі ойлар

2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте 2022 жылғы қаңтар-қыркүйекке қарағанда Қысқа мерзімді экономикалық индикатор 104,6% құрады.

Республика бойынша ҚМИ индексі

өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен



2. Өңірлер бөлінісіндегі және салалар бойынша ҚМИ


2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте 2022 жылғы қаңтар-қыркүйекке қарағанда нақты көлем индексінің ең үлкен өсімін көрсеткен құрылыс (112,6%), сауда (110,0%) және байланыс (108,4%) салалары болды.

Нақты көлем индексінің ең аз өсімін көрсеткен ауыл шаруашылығы (90,1%), өнеркәсіп (104,4%) және көлік және жинақтау (107%) салалары болды.

2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте 2022 жылғы қаңтар-қыркүйекке қарағанда басым өңірлер бойынша ҚМИ-дың оң өсім қарқыны байқалады. Теріс өсім Ұлытау (93,8%), Ақтөбе (97,3%) және Қарағанды (97,4%) облыстарында ғана қалыптасты. Ал ең үлкен өсім қарқынын Жетісу облысы (115,3%), Алматы қаласы (113,5%), Атырау (111,2%), Абай (107,7%) облыстары және Астана (106,1%) көрсетті.

Өңірлер бойынша ҚМИ индексі

өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен



Динамикалық кестелер:

[Республика бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор](#)

[Өңірлер бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор](#)

[Өңірлер бөлінісіндегі және салалар бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор](#)

3. Әдістемелік түсініктемелер

Қысқа мерзімді экономикалық индикаторды есептеу жеделділікті қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады және ЖІӨ-ің 60%-ан аса құрайтын ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс сияқты негізгі салалар бойынша шығарылым индекстерінің өзгеруіне негізделеді.

4. Қатысты басылымдарға сілтемелер

[Өндіріс әдісімен Жалпы ішкі өнім](#)

5. Пайдалы сілтемелер

[Статистика бойынша әдіснамалық ережелер](#)

[«Талдау» ақпараттық-аналитикалық жүйесі](#)

Шығаруға жауапты:	Департамент директоры:	Орындаушы:	Мекенжай:
Ұлттық шоттар департаменті	Нақыпбеков Ә.Е. Тел. +7 7172 74 9717	З. Жунусова Тел. +7 7172 74 93 02 E-mail: z.shigambaeva@aspire.gov.kz	010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 МинистрліктерҮйі, 4 кіреберіс